

1 2007


33 к



ЖЫР
жаянтары

Қасым
АМАНЖОЛОВ

Дарига, сол қызы



RARITY
PUBLISHING
COMPANY Ltd

Қасым Аманжолов

Дарига, сол қызы


Өлеңдер мен поэмалар

**Алматы
«Раритет»
2006**



© 1998 Michael Massee

Year 100 Journey To





Жыр
жаунары

Қасым
АМАНЖОЛОВ

Дарига, сол қызы

Сборник 100 лучших песен из фильмов и мюзиклов

Сборник песен из фильмов и мюзиклов
Компания «Раритет» представляет новый альбом
Сборник песен из фильмов и мюзиклов

0-95-055-2002 (МДЦ), супер

Өлеңдер мен поэмалар

05-10108107
800-(800)874

RARITY

PUBLISHING COMPANY Ltd

ББК 84(5Каз)7-5

A52

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әлеуметтік маңызды
әдебиет түрлерін әзірлеу және шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З. Серікқалиұлы*
Көркем безендірмесі негізін салған *А. Тіленшиев*

Аманжолов К.

A52 *Дариға, сол қыз: Өлеңдер мен поэмалар/Кұраст.*
Е.Дүйсенбайұлы. — Алматы: Раритет, 2006. — 256 бет. —
«Алтын қор» кітапханасы.

ISBN 9965-770-23-9

«Өртке тиген дауылдай» өршіл поэзиясымен тұтас бір өрлеу дәуірін бастап берген Қасым ақындығының қазак өлеңіне тигізіп келе жатқан қайыр-шарапатын қазір де сезінуге болады.

Оның ұсынылып отырған кітабына «өнер табу, өр табу мак-сатымен» (өз сөзі) адал жолда алғаусыз ізденіп тапқан асылдары жинақталды.

ББК 84(5Каз)7-5

A 4702250201—20
413(05)—06

ISBN 9965-770-23-9

© «Раритет» БК, 2006
© Безендірген Б. Серікбай, 2006

ҚАС ЖҮЙІРІК ҚАСЫМ АҚЫН

Кәне, кез келген ұлттың жүріп откен жолының сурлеу-соқпағына назар аударалықшы. Біз сонда оның әр жылы тұмас бір кезеңге бергісіз, әр кезеңі тұмас бір дәуірге татитын биік-бійк белестерін көрер едік қой. Иә, қандай да бір қайса, өжет халықтың өзегіндегі от жалынын өшіріп, жігерін құм қылып, жан дүниесін қан қақсататын қатыгез, қатал заман қаһарга мініп, қылышынан қан тамып тұрганда дүниеге келген құдіреттей әрбір талант өлгі адыра қалғыр сүм заманга лажсыз қызмет істеп, тозақ пен азапта жүріп те халқының рухын қөтеріп, абырайын асқақтатып баққаны белгілі. Абайдан кейін қазақ поэзиясына келген қай ақын да, ол мейлі Бейімбет пе, Шәкәрім бе, Илияс па, Магжан ба, солардың кез келгені өздері өмір кешкен қатал кездің қанқасап заманына тағдыры душар кеп, Аскар Сүлейменовтың сөзімен айтқанда, «тогызы грамм қорғасын бәрінің түбіне жетті». Осы уақытта әдебиеттің есігін енді ашып, өзіндік үні мен қолтаңбасын енді-енді таныта бастаган ақын-жазушылардың пешенесіне бүйірган ауыр тағдыры шынымен-ақ аянышты еді. Алдана қараса, үлгі-өнеге көрсететін жанашир агаларының бәрі «ұлтшыл», бәрі «халық жауы» атапын, бәрі-бәрі жапонның немесе германның шпионы болыпты-мыс, сосын шетінен ұсталып, шетінен атылып кетіпти. Ал артына қараса, әдебиетте жаңа сөз айтатын жалынды жас толқын қырқа астынан өлі қара көрсете қойған жек-ты.

Қазақ халқының үлкен ақыны, аяулы перзенті Касым Аманжолов та дәл осындаид шаш ал десе, бас алатын қанқасап заманың тұсына тұра келсе де, бірақ бар кездің бәрінде замана ағымының ыңғайымен жүре бермей, қайса таланттың қаламынан отты жыр туганын білеміз.

Соны ол өз сөзімен де пәтуалап: «Ышқына соққан дауылга Құмартушы ем жасымда», — деп ашық айтады.

Ал гасырлар бойы атадан балага мирас болып, әр үрпақтың кіндік қаны тамган туган жердің тұмастығы, елінің елдігі мен ар-намысы-

ның жыртысын жыртып, арналасыт откен ақын-жыраулар поэзиясының қайсар да, қайратты да рухы қас жүйрік *Касым ақынның* акбераң жырларынан қайта көрініс тапты. Ол поэзиядагы сұлулық пен сезімінің кір шалмаган шынайы тазалығын, ойдың әрі соны, әрі тереңдігін, қазақ жырының рухын тағы бір биік белеске көтеріп тастады. *Мажсан, Илияс, Берніяздардан* кейін поэзияда бояуы сұйылып бара жатқан ұлттық тіл, ұлттымыздың тілі қайран *Касым* өлеңдерінде күн шалған қыргауылдың қанатындаң құлтырып, түрлене түсті.

Шаганың бойы көк шалғын,
Шалқамнан жатқам шаңқай тұс.
Гүл болып менің құшагым,
Кеудеме қонған бұлбұл құс.

(«Орал»)

Осы шумақтың бастапқы екі-ак жолын алып қараңызыша: ұлттық рух дейсіз бе, баяғы жырши-жыраулар дәстүрі дейсіз бе, әсем табигат көрінісі дейсіз бе, сезімтал жүректі шым еткізер төтті бір сәтті тап баса білу дейсіз бе, *Құдай-ау*, соның бәрі осы екі-ак жолға сыйып тұр.

Касым поэзиясын, тіпті, оның, жасасыратыны жок, өкініші мен оқсігі мол өмірін оймен шолып отырып, осы бір өлең-ғұмырдың бұлт жасылып, қар төсөнген қанды майдан тақырыбына арналған, бір жасынан, дүшпанаға деген ашу-ызага, бір жасынан, ертеңгі күнге деген үзілмес үмітке толы жалынды жырларын қай кезең, қай заманда да көзге ілмей, орағытып оту мүмкін емес еді гой. Біз неге, қалайша сол ақын арамыздан кеткесін елейтін жердің өзінде елемегенсіміз? Ашығын айтсақ, сол қанқасап қаралы жылдардың, өмір мен өлім бетпе-бет келген қып-қызыл ұрыстың үрейлі суретін, сол қызыл қыргында, қан кешкен ұрыста өмір үшін, *Отан* үшін жаумен жағаласқа, жанталасқа түскен жауынгер бейнесін, оның аппақ пәкізат арманы мен үрзада сезімінің серпіліс, сілкінісін таза да табиги қалпында дәл *Касымша* қапысыз суреттеген ақындар қазақ әдебиетінде кем де кем.

Мәселен, Касымның бір гана «Дарига, сол қыз» атты өлеңін алып қараңызыша:

Өтімде ме еді, түсімде ме еді,
Көріп ем гой бір армандай қызды...
Бір нәзік сөүле күлімдеп еді,
Сұрапыл согыс соқты да бұзды.
Сапырды дауыл, тебіренді теңіз,
Тұлады толқын, шайқалды шың-құз...
Қып-қызыл өрттің ішінде жүрміз,
Кайда екен, қайда, дарига, сол қыз?!

Өлең ыргагынан гажайып бір жерлі әүен естігендей болып, жүректің өлдебір нәзік сұлу шырақтары діріл қаққандай күйді сезінесіз. Қоз алдыңызда сұрапыл согыс, тулаган толқын, аласапыран әлем. Осындағы бүкіл оқиғаны өз басыңыздан кешіргендей халге түсесіз.

Тіпті өлеңнің әр жолында қайталаңбас образ жатқан жоқ па??

Енді, сол қып-қызыл өрттің ішінде жаумен жағаласқан жауынгердің жадынан бір нәзік сәуледей күлімдеген сүйікті қыз бейнесі неге кетпейді? Өйткені онда ақынның орындалмай кеткен арманы, көңіл көкжисегін керемет сиқырымен баурайтын әдемі сагынышы жастыр. Ақын махаббатының сертінен таймайтын адалдығына, жсанының пәкітігіне, жүргегінің тазалығына өлеңді оқығанда шын сенесіз.

Оқ тиді келіп, қайратым кеміп,
Баралын сөніп, келмейді өлгім!
Тұргандай сол қыз жсаныма келіп,
Талпына берді қайран жасаң көңілім.
Баралын сөніп, баралын сөніп,
Жұтар ма мені мына сүм согыс.
Арманым бар ма өлсем бір көріп,
Кайда екен, қайды, дарига, сол қыз??!

Осы өлең жолдарында иненің жасасындаі бір жасанды мінез бар ма?.. Егер осы жерде Қасым кейбір ақындарша өлімнен қорықпайтындығын, сүйікті қызы үшін жсанын қиюға даяр екендігін айтып көлгірсіп, көніре шалқыса, өлең бүкіл шынайылық табиғатынан айрылар еді. Жоқ, Қасым ақын дәл осы жерде сүм согыстан, арманына бір жолықтырмай алып кетуі мүмкін ажалдан қорқады. Ажал сагаты тақаганда, адам баласы дүниедегі ең сүйікті жсанын есіне алатындығын да ақын дәл байқаган.

Немесе:

Сен — фашиссің, мен — қазақын,
Сен айтқандай «азиатын».
Сен аспаннан жүлдіз қақтың,
Мен далада түрье бақтым.

Әлгінде аўтқанымыздай, жауынгердің, қазақ жауынгерінің бейнесі де, жүректің кекті зілі де, тіпті өмірдің алмагайып қайышылығы да осы төрт-ак жолда жатқан жоқ па??

Әрине, ақынның согыс тақырыбына арнап жазған жырларын өңгімеге арқау еткенде, оның «Абдолла» поэмасына тоқталмау мүмкін емес. Дегенмен, біз бұл жерде осы поэмага алғаш лебіз айтқан атақты жазушы Габит Мұсірепов екенін ғана еске салып откіміз келеді. Ол өзінің «Майданнан соққан жаңа леп» атты

мақаласында осы шыгарманың басты-басты ерекшеліктеріне тоқтала келіп: «Казақ әдебиетіндегі Касымның агасы да бар, інісі де бар, құрдасы да бар. Солардың ішінен Отан сөгисінің тақырыбына жазамын деушілердің бәріне де «Абдолла» жаңа бір қырқаны мензейді. Жаңа тақырыпты жақсылап жазайық дейді. Касымның ең бір жете ұғынатын жақсы ойы осында. Касым поэмасын жете ұғынғың келсе, мұнда көп нәрсенің дұрыс бейнесі көрсетілген. Сонымен бірге сол бейнелерді қалай көрсету керектігін де анықтап кетеді», — деген еді.

Ақынның поэзия айдынында балықтай жүзіп, өлең өлкесінде өзін еркін сезінуі — әлемдік әдебиетті де әжептәуір білгендігінің арқасы. Ақын поэзиясын ыждағаттылықпен зерделеген оқырман оның жырларынан Шығыстың өлең үлгілерін де, Батыс мәдениетінің үрдістерін де байқай алады.

Сен болсаң нұлы жердің қызыл гүлі,
Болар ем сахараның мен үлбұлды.
Конақтай үр жасында рахат тауып,
Гүл құшып, сайрап едім күні-түні...

Шамасы, Низамидің «Ләйлі — Мәжнүн» поэмасын аударуының ықпалы болса керек, бұл өлеңінен Шығыс әдебиетінің әсері байқалады. Өлеңдегі теңеулердің қолданылуы ыңғайы, берілу тәсілі парсы әдебиетінде жиі кездесеттінін айта кетудің артықтығы жоқ.

Іә, ақын Касым Аманжолов дүниеден ерте озды. Пешенесінде бүйірган азантай гана ғұмырының ішінде қазақ әдебиетінің кемелденуі үшін оның сіңірген еңбегі көл-көсір. Ол дауылды дәуірде туып, қанды майданда жүрсе де, қазақтың рухы үшін құресіп, қазақтың рухы үшін арпағысып, өз жүргегінің жалынына өртеноумен болды.

Ақырында қатал тағдыр аяулы ақынынызды ортамыздан ерте әкетті. Жә, амал не?

Шарлаган жолым жасатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде.
Кай жерде үзілсерсін, қайран сапар,
Түйін бол өмірімнің бір шетінде.

Касым! Кайран Касым! Осы өлең жолдарын жазған кезде өзінің мына опасыз жалғанда көп тұрақтамай, жарқ етіп өте шыгарын білді ме екен?.. Әрине, білді. Нагыз ақын да ұлы құдірет иесі емес пе, сондықтан оның сезімтал жүргегі қысқа жібі күрмеуге келмей, соңғы кезде ауруы әбден мендеген ғұмырының қай күні үзілерін, дәмтұзының қай күні таусыларын сезген сияқты. Әйтпесе, ақынның әрі қарай:

Сен непткен бақынты едің, келер үрпак,
Караймын елесіңе мен таңырқап.
Жаңғыртын жер сарайын сен келгенде,
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап, —

деп егіліп сыр толғап, ақтық сөзін ағынан актарыла айтып,
құдіретті қаламнан туган жыр жолдарының көзіңен жас тамы-
зуы соны айгақтап тұрган жоқ па!

Жасыратыны жоқ, кейінгі жылдары Қасымның атын атап,
бүгінгі үрпаққа үлгі-өнеге етіп ұсынуды ұмытып барамыз. Бәлкім,
бұл біздің өнерде де ұсақталып бара жатқандығымыздың бір көрінісі
шыгар...

Және бір есте үстай жүретін мәселе Қасым ақын қазынасын
ардақтаушылардың бәрін де толғантуы тиіс. Ол — түрнұсқа мәтін
жайы. Өкінішке орай, осы тұргыда оның шыгармашылығын зерт-
теп атақ-абырой алған жеке тұлғалар тарапынан да, әдебиет
институты тарапынан да бұл тұргыда ешқандай гылыми-
текстологиялық жұмыс өрістемей келеді. Сондықтан белгілі бір
туындыларының өзінде әр басылымы сайын ала-құлалық, әртүрлі
қате оралымдар орын алғалы қашан!

Мысалы, «Өлмес өмір өлеңі» аталағын толғау бұрынғы басы-
лымдардың барлығында «Ез тірліктен ер өлім артық екен дер едім»
бол, екі-ақ жолмен басталатын-ды. Ақынның 90 жылдығына ар-
нап шыгарған үш томдықтың бірінші кітабында (баспасы белгісіз,
Алматы — 2001 ж.) бұган «Шіркін, тірлік жақсы гой, түсірмесен
беделін» деген екі жол қосылыпты. Бәлкім, қолжазба нұсқасында
мұндаидай текст бар болса да, тым осалдау көріп, оны көзі тірісінде
автор да, құрастыруши Faғу Қайырбеков ағамыз да қоспаган
шыгар... Ал өрескел қателіктер: аудысын түскен немесе өзгеше
«өңделген» жерлер әсіреле әйгілі «Абдолла» поэмасында мол үшыра-
сады. Бір дастан мәтінінің, қанша басылым жарық көрсе, сонша
рет әртүрлі текст иеленуі (жекелеген жолдарының) ақылга сый-
майды. Бір гана мысал:

«Ашулы жел ағы даусы
Тұндыргандай жау құлагын.
Сол аймақтың әрбір тасы
Үшқандай ед құс бол қокке».
(2001 жылғы басылым, 1-том, 289-б.)

«Ашулы жел ағы даусы
Тұндыргандай жау құлагын.
Сол аймақтың әрбір тасы
Күрпетердей жау қамалын...».
(«Жазушы», 1977)

Біздіңше, бұл екі нұсқаны да ескере отырып, кейін автор өзі түзеткен, бәлкім, құрастырушылар үлкен жауапкершілікпен жөндеп жіберген болар, алғашқы басылымдарды салыстырганы абзал. Ертегектегі оқулықтарда «темір гүрзі қақтап отқа», «суын алып қашты өзендер» секілді жолдар болуши еді. Кейінректекілерінде «темір, болат қақтап отқа», «буырқанып тасты өзендер» болып жүр...

Кысқасы, осы тұргыда ойланар, айтар сөз көп. Қасым Аманжолов сынды ұлы ақын мұрасына асқан жауапкершілікпен қарауымыз керек. Кез келген «жаңадан табылғанды», «бұрын жарияланғанды» қоса салмас бұрын (бұл академиялық-ғылыми басылымының шаруасы гой!), «жуз ойланып, мың толғанған» жөн. Мына ұсынылып отырган таңдамалы томдықты сол үлкен тірліктің басы дейік.

Амангөлді КЕҢШІЛІКҰЛЫ

ӨЛЕҢДЕР

ОРАМАЛ

(Романс)

Айнымасқа серттескем,
Айғағым бұл орамал.
Орамалға, тілесен,
Жүргімді орап ал.

Кіршіксіз ақ орамал,
Көз жасыммен жуғанмын.
Жаным сендік, қабыл ал,
Бір сен үшін туғанмын.

Жаудан елін қорғауға,
Жарым, кетіп баrasын.
Бәлкім, жарап орауға
Білегіңдің жарасын.

Бәлкім, осы орамал
Қызыл қанға боялар.
Жанға тисе жат хабар,
Жарың шошып оянар.

Отан үшін, сен үшін
Тілеп, ұшып баармын.
Аралармын тау ішін,
Сені іздең табармын.

Қаның жүққан орамал
Сонда бізге ту болар.
Орамалда бір сыр бар,
Кейінгіге жыр болар.

1 шілде, 1940.

ӨТЕДІ КҮНДЕР
(Тарас Шевченкодан)

Өтеді күндер, өтеді түндер,
Өтеді жазым зымырап.
Соғады дауыл, солады гүлдер,
Сарғаяды жапырак.

Ой үйқыда, жүрегім жым-жырт,
Сөнеді көздің жанары.
Бәрі үйқыда жатыр ғой мұлгіп,
Тірліктің жоқ еш хабары.

Осынау жарық дүниеде
Бармын ба мен, — білмеймін.
Қанғалақтап жүрмін бе өлде,
Жыламаймын, күлмеймін.

Сыбагам қайда, сыбагам?
Жоқ па, сірә, ешқандай?!

Жақсылық менен аясан,
Жамандық бер, а Құдай!

Берме үйқы кезбе жанға,
Жүргегі бос қатпасын.
Ұсап сұрсыз қу томарға
Бұл дүниеде жатпасын.

Берші өмір, бер махаббат,
Жүрекпен сүйсін адамды.
Ол болмаса, етіп талақ,
Өртесін мына жалғанды.

Қандай қыын қаза тапсаң
Тар қапаста, зынданда.
Еркіндікте үйықтап қалсан,
Қиынырақ одан да.

Үйықтап өтсөң өмірінде,
Үйқың ешбір қанбаса,
Тірлігің не, өлгенің не,
Ешбір ізің қалмаса.

1940.

* * *

Фашық едім, қайтейін,
Кеттің аулақ алыстанап.
Айтып-айтпай не дейін,
Жоқ қой енді табыспақ.

Жүрекке арман орнады,
Қосыла алмай, көп жылап.
Тілегенім болмады,
Сол батады-ау жалғыз-ақ.

Қайда жұрсөң, аман бол,
Өмірінді тілеймін.
Сенен басқа, сертім сол,
Ешбір жанды сүймеймін.

Ашу, ыза аралас
Ренжіткен болсам сені егер,
Өкпелеме, жарамас,
Бір кінәмді кеше ғөр.

Фашық едім, қайтейін,
Оны білер жан қайда?
Арманда боп өтейін,
Армансыз боп не пайда.

Жалғыз ғана тілегім:
Көкірегімнен кетсін мұз,
Жылып қалсын жүрегім,
Ақтық рет бір сүйгіз.

10 сәуір, 1940.

* * *

Домбырамда бір күй бар тартылмаған,
Көнілімде бір сыр бар айтылмаған.
Күйімді де сырымды сыйлар едім,
Жаным сүйер жар болсан жарқылдаған.

Шабыт таппай жас сұңқар саңқылдар ма,
Нұр шалмаса, ақ алмас жарқылдар ма?
Сол секілді менің де көнілімнің
Нұр сәулесі, шабыты сүйтеп жарда.

Өмір өлке болғанда, мен бір айдын,
Алтын нұры тәгілген күн мен айдың.
Аққудайын айдынға қонар күні
Болар ма екен құмартқан қалқатайдың!

Сонда күйдің пернесін басар едім,
Сақтап келген сырымды ашар едім.
Сүйеген сәулем — серігі жас жанымның,
Сеніменен мәнгілік жасар едім.

Алматы, 1938.

СҮЛТАНМАХМУТ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Бауырында Баянаулы жалғыз корған,
Қиырдан жолаушыға аңыз болған.
Күзетіп күндіз бүркіт, танда бұлбұл,
Тұн болса, тұғыр етіп байғыз қонған.

Тыным ап сол қорғанда тұрган жым-жырт,
Жамылып жиырма жылды жатыр Махмұт.
Күндердің күнінде бір сол молаға
Керіспіл келе жатты екі жігіт.

Молаға екі жігіт келіп жетті,
Біреуі ақын еді от жүректі.
Сұлтанның қабіріне гүл орнатып,
Көзінен жас домалап, тауап етті.

Мелшиіп тұрды анадай екіншісі,
Әруақтай мола кезген сүп-сүр түсі.
Ербендең кең дүниеде жүрген біреу,
Болғанмен сырты күмбез, куыс іші.

Жамандап өлген жанды кәсіп еткен,
Өлгеннің сыбағасын нәсіп еткен.
Ақынның мolasынан бір мін тауып,
Жамандап қайтуға оның есі кеткен.

Жол бойы екі жігіт көп үрысқан,
Мейірімсіз бір-біріне болған дүшпан.
Елсізді елеуретіп айтысты кеп,
Ұялмай тауда аннан, көлде құстан.

Бірі айтты:— Сұлтанмахмұт тірі, — деді, —
Мәңгілік өлмес жанның бірі, — деді.—
Қазактың кең даласын аралап жүр,
Өзіндей өжет оның жыры, — деді.

Бірі айтты:— Қателеспе, өлген, — деді. —
Жырын да, өзін де оның көмген, — деді. —
Болған соң өзі дүшпан, сөзі арам,
Тарихқа жазып солай бергем, — деді.

Жанжалы екеуінің кетті қызып,
Аң қарап, құстар үшып, етті қызық.
Дүбірі екеуінің жер сілкінтіп,
Соғысты бір-бірінің аузын бұзып.

Толқып су, дүрілдеп тау, қалшылдаپ тас,
Сұрапыл қабір басы болды айқас.
Жыртылған жаға мен жең желге үшып,
Бұлттай бол бұрқырады жұлынған шаш.

Фажайып күн күркіреп, етті жалт-жұлт,
Қабірдің бет тақтайы сынды сарт-сұрт.
От шашып екі көзден, «тоқтаңдар» деп,
Бейіттен шыға келді Сұлтанмахмұт.

Екеуі тұра қалды есі кетіп,
Мұздай бол тұла бойы дір-дір етіп.
Қорыққаның екеуінің білгеннен сон,
Сұлтекен амандасты жайлап жетіп:

— Жігіттер, қош келдіндер, жогарылат,
Рахмет, ұмытпапсыз, ер-азамат.
Қабірді жай қақсандар, шығамын ғой,
Жанжалының азырақ болды-ау ағат.

Жас ақын Махмұтқа айтты сырын,
Жолдасы өсек айтып жүргендігін.
Сұлтекен сабырлы оймен тындал болып,
Мырс етіп бір күлді де, деді:— Інім!

Өлгем жоқ, иланындар, шынымды айтам,
Өлді деп айта берсін кейбір сайтан.
Жұр, баста, жазушылар Союзынан
Мүшелік билетімді алып қайтам.

Сен жігіт, өсек айтып жүргенше құр,
Моламды мен қайтқанша құзете тұр! —
Деді де қолтықтап ап жас ақынды,
Сұлтекен жүріп кетті шырқатып жыр.

20 мамыр, 1940.

ЭКСПРОМТ

Аты шулы шығып түр
Қасым деген бір ақын!
Киіл-жарып, басып жұр,
Болды-ау мынау қыратын!
Шығып түр ғой бұ күнде
Қасым деген бір ақын.
Осы болар түбінде
Енелерінді үратын!

КҮЛЕМІН ДЕ ЖЫЛАЙМЫН

Күлемін де жылаймын,
Жылаймын да күлемін.
Неге ғана бұлаймын, —
Өзім ғана білемін.

Өкінбеймін өмірге
Босқа келген екем деп.
Өкінемін бір күнде
Түк бітірмей кетем деп.

Мен сүйемін өмірді,
Құшақтаймын жарымдай.
Бірде болам көнілді,
Бірде тұрман қайғырмай.

Білмеген жан өлерін
Қайтіп сүйер өмірді?
Білмей қайғы келерін,
Қайтіп болар көнілді?

Дәл осыны түсінбес
Адамдар бар, не шара!
Іші қуыс, сырты мес,
Тас бауырлы бишара.

— Жылама сен, күл, — дейді,
Күлсем, және сенбейді.
Қара тер боп тергейді,
— Неге күлдің сен? — дейді.

Құле білмес қуыршақ
Жылай білмес, — ақиқат.
Күлсек, яки қайғырсақ,
Бәрі болар оған жат.

Ол сорлының ойынша,
Даурығумен күн өтсін.
Бар арманы — тойынса,
Құлқын үшін күнелтсін.

Бас көтерсе төсектен,
Өз үйіне сыймайды.
Дүниедегі өсектен
Дым қалдырмай жинайды.

Ішкенге мас, жесе тоқ,
Құр даурығу, бос ыржан, —
Қуаныш жоқ, қайғы жоқ,
Неткен сонша сорлы жан.

Осындай дос көргенде,
Қайтіп кана шыдарсың.
Ойлап-ойлап келгенде,
Күлерсің де жыларсың.

1940.

БУРАБАЙ ТОЛҚЫНДАРЫ

Баурында Оқжетпестің тұрдым жалғыз,
Көл жатты қүле толқып, айтып аңыз.
Үстінде Бурабайдың жарқ-жүрк етіп,
Қайықпен келе жатты аққудай қыз.

Шақырдым, — қарындасым, кел бері, — деп,
Қайығын тосты маған қыз құлімдеп.
Кермеге ол отырып, мен ескекке,
Толқыта кеттік тартып, жел соқты үдел.

Жел соқты бізді әдейі сынағандай,
Жығылды жапырыла толқын жардай.
Біресе жайындан боп жон көрсетіп,
Біресе бұқтетіліп айдаһардай.

Көкала арландаій боп абалайды,
Алды орап, соңнан қуып, жағалайды.
Біресе ауға түсken шортандай боп,
Қүйрықпен қайығымды сабалайды.

Сескеніп сыр берместен келем есіп,
Тәкаппар тентек толқын кетті егесіп.
Лап беріп үмтүлады қайығыма,
Шегініп тұрады да аз кеңесіп.

Ентелеп келеді де кер кетеді,
Біресе ойнаған боп тербетеді.
«Бойында өр қайраты бар ма екен» деп,
Сынамақ болад білем мені, тегі.

Толқыннан мен бе болар қорқынышты,
Толқыны өз жанымның одан күшті.
Толқытып тарта бердім әнге басып,
Бір мезет қыз көзіне көзім тұсті.

Көзінен нәзік сұлу көрдім жанын,
Оның да көлдей көңлі толқығанын.
Қауіпті қара құйын желі соғып,
Қашырып бара жатыр беттің қанын.

Үрпиген балапандай қыз үрейлі,
Дөңгелек көзі көлдей мөлтілдейді.
Үстінде толқын жапқан қеудесінің
Қара шаш қара бұлттай желпілдейді.

— Ағажан, бұзылды ғой күн райы,
Ежелден белгілі ғой толқын жайы.
Қайталық, тіл алыңыз, әне алда
Толқынның ойнақтап жүр асau тайы.

Қайтпайтын өдетім бар алған беттен,
Қыз сөзін құп көрмедім сол себептен.
— Сескенбе, қарындасым, ән шырқай бер,
Бұдан да зор толқынды жарып өткем.

Даурығып әлденеге толқын шулап,
Көкала айғырлардай жатыр туласп.
Таң қалып бұл қызыққа қарағандай
Төбеде тұрды бұлттар будақ-будақ.

Бүйірін ескегіммен ірей тартып,
Толқынды алсам керек ашулантып.
Қасқырдай қамады кеп жан-жағымнан,
Жіберді қайығымды қалтылдатып.

Қорқаудай көк жал толқын жетті екпіндеп,
Белінен қайығымның секірді кеп.
Құп-ку боп қыз үрейі кетті қашып,
Көзінен шыға келді жас мөлтілдеп.

Сонда да сыр берместен тарта бердім,
Толқынның ойнағына мен де үйрендім.
Көлденен келгенінің белін шаншып,
Ескеқпен, ентелесе, басқа пердім.

Айбары арыстандай бір долы бұлт
Ойнақтап көк төсіне шықты жалт-жұлт.
Гүрледеп тұрды дағы шарт етті ол,
Жанғыртты, болғандай-ақ аспан быт-шыт.

Су ішпек болғандай-ақ Бурабайдан,
Бұлт төніп созды мойын анадайдан.
Ту асau толқындарға мініп алып,
Ән шырқап Бурабайда салдық сайран.

1939.